

Сарыағаш қаласы Майлықожа көшесінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы Сарыағаш қаласы әкімінің 2014 жылғы 11 мамырдағы № 74 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 6 маусымда № 2686 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы Сарыағаш қаласы әкімінің 2014 жылғы 25 шілдедегі № 109 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы Сарыағаш қаласы әкімінің 25.07.2014 № 109 шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министірлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Оңтүстік Қазақстан аумақтық инспекциясының Сарыағаш аудандық аумақтық инспекциясының басшысының 2014 жылғы 24 ақпандағы № 02–17/87 ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында

ШЕШІМ

ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сарыағаш қаласы Майлықожа көшесі № 29 үйде тұратын азамат Б.Дутановтың иті құтырық ауруымен ауруына байланысты Майлықожа көшесінің шығысында Ғ.Мұратбаев көшесімен, батысында Т.Тоқтаров көшесімен қиылысқан жеріне шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Сарыағаш қаласы әкімінің орынбасары **Б. Ерменовке** жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарыағаш қаласы әкімінің
міндетін атқарушы **С.Сулейменова**